

**Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарының нысанды киімі мен айырым белгілерінің тізбесін бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1247 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 қыркүйектегі № 1062 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.09.15 № 1062 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z952368\_397-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарының нысанды киімі мен айырым белгілерінің қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы мекемелерінің басшы және жедел құрамының киім нысандары туралы ереже және нысандық киім, аяқкиім заттары мен жабдықтарын киіп және тағып жүру тәртібін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 мамырдағы N 344 P930344\_ қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының шекара маңында кеден күзетуді және режимді жүзеге асырушы кеден органдарының лауазымды адамдарына және әуежайлар мен кедендік ресімдеу залдарында кедендік ресімдеу мен бақылауды жүзеге асырушы лауазымды адамдарға поғоны бар нысанды киім кию құқығын белгілей отырып, Кеден органдарының лауазымды адамдарының нысанды киім кию ережесін бекітсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 12 тамыздағы  
N 1247 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды адамдарының нысанды киімі мен айырым белгілерінің тізбесі

I БӨЛІМ

# Нысанды киім

## 1 тарау

### Қазақстан Республикасы кеден органдары жоғары басшы құрамының нысанды киімі

1. Жоғары басшы құрамның (еркектердің) бір киер нысанды киімі: қаракөлден тігілген сұр түсті папаха;

қара түсті күнқағарының шетінде алтын түсті өрнектері бар, басқа киер жерінің жиектері қызыл түсті, төбесі - қызыл түсті жиектері бар ақ түсті, басқа киер жерінде кокардасының айналасы алтын түспен зерленген, күнқағарының жиегіне әшекейленген лента жүргізілген бір киер фуражка; тысталған және қаракөлден тігілген сұр түсті қайырма жағасы бар

көкшіл-сұр немесе көк түсті пәлте;

белдігі бар көкшіл-сұр немесе көк түсті тік пішілген плащ;

кеуде қалталары, қалпақша қалталары бар, жеңдерінде қызыл жиегі және бұлардың шетінде алтын түсті жіппен тігілген кестесі бар, жағасы қызыл түспен жиектелген ақ түсті біржақты бір киер мундир;

қызыл түсті лампастары бар көкшіл-сұр немесе көк түсті балағы түсіңкі шалбар;

ақ түсті жейде мен шымқай көк түсті галстук;

табиғи былғарыдан тігілген қара түсті бәтіңке;

табиғи былғарыдан тігілген қара түсті қысқа қонышты бәтіңке;

алтын түсті салтанат белдігі;

ақ түсті қолғап;

ақ түсті бөкебай.

2. Жоғары басшы құрамның (еркектердің) күнделікті киетін нысанды киімі:

қаракөлден тігілген сұр түсті папаха;

төбесінің шеттерінде көгілдір түсті жиегі бар, басқа киер жерінде

кокардасының айналасы алтын түспен зерленген, күнқағарының жиегіне әшекейленген лента жүргізілген көкшіл-сұр немесе көк түсті күнделікті

киетін фуражка;

белбеуі бар көкшіл сұр немесе көк түсті тік плащ;

тысталған және қаракөлден тігілген сұр түсті қайырма жағасы бар көкшіл сұр немесе көк түсті пәлте;

кеуде қалталары және қалпақша қалталары бар, жеңдерінде көгілдір түсті жиегі бар көкшіл сұр немесе көк түсті біржақты күнделікті китель;

кеуде қалталары бар көкшіл сұр немесе көк түсті ысырмалы күрте;

көгілдір түсті лампастары бар көкшіл сұр немесе көк түсті балағы түсіңкі шалбар;

көк түсті жейде мен шымқай көк түсті галстук;

табиғи былғарыдан тігілген қара түсті бәтінке;

табиғи былғарыдан тігілген қара түсті қысқа қонышты бәтеңке;

сұр түсті қолғап;

сұр түсті бөкебай.

3. Жоғары басшы құрамның (еркектердің) далалық нысанды киімі:

цигейкадан тігілген сұр түсті құлақшынды бөрік;

камуфляж түстес кепкі;

камуфляж түстес далалық күрте мен тік пішілген шалбар;

камуфляж түстес далалық жылы күрте мен шалбар;

қонышы биік далалық қара түсті бәтінке;

жылы немесе қонышы биік қара түсті бәтінке;

сұр түсті қолғап;

сұр түсті бөкебай;

жабдықтар.

4. Жоғары басшы құрамның (еркектердің) арнайы нысанды киімі:

мех күрте;

жұқа күрте;

қыстық қалың етік.

5. Жоғары басшы құрамның (әйелдердің) бір киер киімі:

қаракөлден тігілген сұр түсті бөрік;

шеті алтын түспен зерленген қара түсті күнқағары бар, кокардасының айналасы алтын түспен зерленген бір киер фуражка;

тысталған және қаракөлден тігілген сұр түсті қайырма жағасы бар көкше сұр немесе көк түсті пәлте;

белбеуі бар көкшіл сұр немесе көк түсті тік пішілген плащ;

жеңдерінде қызыл жиегі және бұлардың шетінде алтын түсті жіппен зерленген кестесі бар, жағасы қызыл түспен жиектелген ақ түсті бір киер ашық біржақты мундир;

көкшіл сұр немесе көк түсті белдемше;

қызыл түсті лампастары бар көкшіл сұр немесе көк түсті тік пішілген шалбар;

ақ түсті жейде мен шымқай көк түсті галстук;

табиғи былғарыдан тігілген қара түсті етік;

табиғи былғарыдан тігілген қара түсті туфли;

алтын түсті салтанат белдігі;

ақ түсті қолғап;

ақ түсті бөкебай.

6. Жоғары басшы құрамның (әйелдердің) күнделікті киетін нысанды киімі:

қаракөлден тігілген сұр түсті бөрік;

көкшіл сұр немесе көк түсті күнқағары бар күнделікті киетін фуражка;

тысталған және қаракөлден тігілген сұр түсті жағасы бар көкшіл сұр немесе көк түсті пәлте;

белбеуі бар көкшіл сұр немесе көк түсті тік пішілген плащ;

күнделікті киетін ашық біржақты китель мен көкшіл сұр немесе көк түсті белдемше;

көкшіл сұр немесе көк түсті шалбарымен бірге ысырмалы күрте;

көкшіл сұр немесе көк түсті қысқа шалбар;

көк түсті тоқыма жилет;

көк түсті жейде мен шымқай көк түсті галстук;

табиғи былғарыдан тігілген қара түсті етік;

табиғи былғарыдан тігілген қара түсті туфли;

табиғи былғарыдан тігілген қара түсті қысқа бәтіңке;

сұр түсті қолғап;

сұр түсті бөкебай.

7. Жоғары басшы құрамның (әйелдердің) далалық нысанды киімі:

сұр түсті цигейкадан тігілген құлақшын;

камуфляж түстес кепкі;

камуфляж түстес далалық жылы күрте мен шалбар;

камуфляж түстес далалық күрте мен тік пішілген шалбар;

табиғи былғарыдан тігілген қара түсті жылы етік;

түздік қонышы биік бәтіңке;

сұр түсті қолғап;

сұр түсті бөкебай;

жабдықтар.

8. Жоғары басшы құрамның (әйелдердің) арнайы нысанды киімі:

жұқа күрте;

мех күрте;

қыстық қалың етік.

## II тарау

### Қазақстан Республикасы кеден органдары аға, орта, кіші басшы құрамының нысанды киімі

9. Аға, орта, кіші басшы құрамның (еркектердің) бір киер нысанды киімі:

күнқағарының жиегінде әшекейленген лента жүргізілген, қара түсті күнқағары бар сұр түсті құлақшынды бөрік;

басқа киер жері көкшіл немесе көк түсті, төбесі - көгілдір түсті жиегі бар ақ түсті, күнқағарының жиегінде әшекейленген лента жүргізілген, қара түсті күнқағары бар ақ түсті бір киер фуражка;

тысталған және қаракөлден тігілген сұр түсті қайырма жағасы бар сұр түсті пәлте;

белбеуі бар көкшіл сұр немесе көк түсті тік пішілген плащ;

кеуде қалталары, қалпақша қалталары бар, жендерінде көгілдір жиегі бар, жағасы көгілдір түспен жиектелген біржақты ақ түсті бір киер китель;

көгілдір түсті жиегі бар көкшіл сұр немесе көк түсті балағы түсіңкі шалбар;

ақ түсті жейде мен шымқай көк түсті галстук;

былғарыдан тігілген қара түсті бәтіңке;

былғарыдан тігілген қара түсті қысқа бәтеңке;

ақ түсті қолғап;

ақ түсті бөкебай.

10. Аға, орта, кіші басшы құрамның (еркектердің) күнделікті нысанды киімі:

күнқағарының жиегінде әшекейленген лента жүргізілген, қара түсті

күнқағары бар, қаракөлден тігілген құлақшынды бөрік;

төбесінің жиегін бойлай көгілдір түсті көмкермесі бар, күнқағарының бойымен әшекейлі лента тағылған сұр-көгілдір немесе көк түсті күнделікті фуражка;

тысталған және сұр түсті қаракөл жағасы бар сұр-көгілдір немесе көк түсті пәлте;

сұр-көгілдір немесе көк түсті белбеуі бар тік тігілген плащ;

кеуде қалталары мен қалпақша қалталары бар жендері, жағасы да

көгілдір ақық түспен жиектелген ақ түсті біржақты күнделікті китель;  
кеуде қалталары бар сұр-көгілдір немесе көк түсті ысырма күрте;  
көгілдір түспен жиектері бар, балағы түсіңкі сұр-көгілдір немесе көк түсті шалбар;

көк түсті жейде және шымқай көк түсті галстук;  
қара түсті табиғи былғарыдан тігілген бәтіңке;  
қара түсті табиғи былғарыдан тігілген қысқа қонышты бәтіңке.

11. Аға, орта, кіші басшы құрамның (еркектердің) далалық нысанды киімі:

сұр түсті цигейкадан тігілген құлақшынды бөрік;  
камуфляж түсті бас киім;  
камуфляж түсті далалық жылы күрте мен шалбар;  
камуфляж түсті тік пішілген далалық күрте мен шалбар;  
жылы немесе қонышы биік қара түсті бәтіңке;  
қонышы биік, қара түсті далалық бәтіңке;  
сұр түсті қолғап;  
сұр түсті бөкебай;  
жабдықтар.

12. Аға, орта және кіші басшы құрамның (еркектердің) арнаулы нысанды киімі:

жұқа күрте;  
былғары күрте немесе келте тон;  
қыстық қалың етік (пима).

13. Аға, орта және кіші басшы құрамның (әйелдердің) бір киер нысанды киімі:

сұр түсті қаракөлден тігілген құлақшын;  
қара түсті күнқағары бар фуражка;  
тысталған және сұр түсті қаракөл жағасы бар сұр-көгілдір немесе көк түсті пәлте;

белдігі бар сұр-көгілдір немесе көк түсті тік плащ;  
ақ түсті бір киер ашық біржақты китель, жеңдері көгілдір түспен өрнектелген, жағасында көкшіл жиек бар;

сұр-көгілдір немесе көк түсті белдемше;  
көгілдір түсті жиектері бар сұр-көгілдір немесе көк түсті шалбар;  
ақ түсті жейде және шымқай көк түсті галстук;  
қара түсті табиғи былғарыдан тігілген етік;  
қара түсті табиғи былғарыдан тігілген туфли;  
ақ түсті қолғап;  
ақ түсті бөкебай.

14. Аға, орта, кіші басшы құрамның (әйелдердің) күнделікті нысанды киімі:

сұр түсті қаракөлден тігілген бөрік;

көк-көгілдір немесе көк түсті күнқағары бар күнделікті фуражка;

тысталған және сұр түсті қаракөл жағасы бар сұр-көгілдір немесе көк түсті пәлте;

белбеуі бар сұр-көгілдір немесе көк түсті плащ;

жағасы көгілдір түспен жиектелген, күнделікті, сұр-көгілдір немесе көк түсті ашық біржақты китель;

сұр-көгілдір немесе көк түсті белдемше сұр-көгілдір немесе көк түсті қысқа шалбар;

сұр-көгілдір немесе көк түсті шалбарлары бар ысырма күрте;

көк түсті тоқыма кеудеше;

көк түсті көйлек және шымқай көк түсті галстук;

сұр-көгілдір немесе көк түсті мақта-мата көйлек;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген етік;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген туфли;

сұр түсті қолғаптар;

сұр түсті бөкебай.

15. Аға, орта, кіші басшы құрамның (әйелдердің) далалық нысанды киімі:

сұр түсті цигейкадан тігілген құлақшынды бөрік;

камуфляж түсті кепка;

камуфляж түсті далалық жылы күрте мен шалбар;

камуфляж түсті тік пішілген далалық күрте мен шалбар;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген жылы етік;

қонышы далалық бәтіңке;

сұр түсті қолғап;

сұр түсті бөкебай;

жабдықтар.

16. Аға, орта және кіші басшы құрамның (әйелдердің) арнаулы нысанды киімі:

жұқа күрте;

мех күрте немесе келте тон;

қыстық қалың етік (пима).

### III тарау

Кіші басшы құрам мен курсанттардың нысанды киімі

17. Кіші басшы құрам мен курсанттардың (еркектердің) бір киер нысанды киімі:

күнқағарының жиегін бойлай әшекейлі лента тартылған қара күнқағары бар сұр түсті қаракөл құлақшынды бөрік;

күнқағары қара түсті, басқа киер жері көгілдір немесе көк түсті, төбесі - ақ түсті, көгілдір түспен жиектелген күнқағарын бойлай әшекейлі лента жүргізілген бір киер фуражка;

тысталған және сұр түсті қаракөл қайырма жағасы бар сұр түсті пәлте; белбеуі бар сұр-көгілдір немесе көк түсті тік плащ;

кеуде қалталары, қалпақша қалталары бар, жағасы көгілдір түспен жиектелген ақ түсті біржақты бір киер китель;

көгілдір түспен жиектелген, сұр-көгілдір немесе көк түсті, балағы түсіңкі шалбарлар;

ақ түсті жейде және шымқай көк түсті галстук;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген бәтіңке;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген қысқа қонышты бәтіңке;

алтын түстес салтанат белбеуі;

ақ түсті қолғап;

ақ түсті бөкебай.

18. Кіші басшы құрам мен курсанттардың (еркектердің) күнделікті және далалық нысанды киімі:

қара түсті күнқағары бар, күнқағар бойымен әшекейлі лента жүргізілген сұр түсті қаракөл құлақшынды бөрік;

төбесінің жиектері бойымен көгілдір түспен жиектелген, күнқағарын бойлай әшекейлі лента жүргізілген сұр-көгілдір немесе көк түсті күнделікті фуражка;

камуфляж түсті кепка;

белбеуі бар сұр-көгілдір немесе көк түсті тік плащ;

камуфляж түсті далалық жылы күрте мен шалбар;

камуфляж түсті далалық күрте мен тік пішілген шалбар;

кеуде қалталары бар сұр-көгілдір немесе көк түсті ысырма күрте;

көгілдір түсті жейде және шымқай көк түсті галстук;

көгілдір түсті жиектері бар сұр-көгілдір немесе көк түсті, балағы түсіңкі шалбар;

қоңыр түсті белбеу;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген туфли;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген бәтіңке;

қара түсті биік қонышты түздік бәтіңке (немесе етік);

сұр түсті қолғап;



сұр түсті бөкебай.

19. Кіші басшы құрам мен курсанттардың (әйелдердің) бір киер нысанды киімі:

сұр түсті қаракөлден тігілген бөрік;

сұр-көгілдір немесе көк түсті пилотка;

тысталған және сұр түсті қаракөл жағасы бар сұр-көгілдір немесе көк түсті пәлте;

белбеуі бар сұр-көгілдір немесе көк түсті тік плащ;

жеңдерінде көгілдір өрнегі бар, жағасы көгілдір түспен жиектелген біржақты ақ түсті бір киер ашық китель;

сұр-көгілдір немесе көк түсті белдемше;

көгілдір түсті жиектері бар сұр-көгілдір немесе көк түсті шалбар;

ақ түсті жейде және шымқай көк түсті галстук;

алтын түстес салтанат белбеуі;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген туфли;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген етік;

ақ түсті бөкебай;

ақ түсті қолғап.

20. Кіші басшы құрам мен курсанттардың (әйелдердің) күнделікті және далалық нысанды киімі:

сұр түсті қаракөлден тігілген бөрік;

сұр түсті цигейкадан тігілген құлақшынды бөрік;

сұр-көгілдір немесе көк түсті пилотка;

камуфляж түсті кепка;

тысталған және сұр түсті қаракөл жағасы бар сұр-көгілдір немесе көк түсті пәлте;

белбеуі бар сұр-көгілдір немесе көк түсті тік плащ;

камуфляж түсті тік пішілген далалық күрте мен шалбар;

сұр-көгілдір немесе көк түсті күнделікті ашық біржақты китель;

сұр-көгілдір немесе көк түсті шалбары бар ысырма күрте;

сұр-көгілдір немесе көк түсті белдемше;

сұр-көгілдір немесе көк түсті мақта-мата көйлек;

көк түсті көйлек және шымқай көк түсті галстук;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген туфли;

қара түсті биік қонышты далалық бәтінке;

қара түсті табиғи былғарыдан тігілген етік;

сұр түсті қолғап;

сұр түсті бөкебай;

жабдық.

## II БӨЛІМ

Погондар, айырым белгілері, кокардалар, эмблемалар

### IV тарау

#### Погондар

21. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарының арнаулы атақтары бойынша айырым белгілері погондар болып табылады.

22. Жоғары басшы құрамның погондары:

жоғарғы жиегі сопақша келген, алтын жалатылған жіппен көмкерілген бір киер погондары, погон жиегіне алтын жалатылған жіптен әдіптелген ерекше өрілімдегі оқадан жасалып, күміс түстес ұлттық өрнекпен өрнектелген;

жейдеге арналған, сопақша жоғарғы жиегі бар, алтын жалатылған жіптермен көмкерілген погондар, погонның алаңы ақ түсті матадан жасалып, алтын жалатылған зермен ұлттық өрнекпен өрнектелген;

сопақша жоғарғы жиегі бар, алтын жалатылған жіппен көмкерілген күнделікті погондар, погон алаңы көк түсті матадан жасалып, алтынмен жиектелген алтын түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген;

сопақша жоғарғы жиегі бар, жиектелмеген далалық погондар, погон алаңы камуфляж түсті мата қиындысынан жасалған, погондардағы жұлдыздар мен бүркіт қорғаныштық түстес.

Погондарға алтын жіптермен тігілген диаметрі 22 мм жұлдыздар орналастырылған. Погонның төменгі бөлігінде алтын түсті қыран тігілген.

23. Погондардағы жұлдыздар былайша орналасады:

кеден қызметінің генерал-майоры - 1 жұлдыз;

кеден қызметінің генерал-лейтенанты - үлесті ендігі бойымен 2 жұлдыз.

24. Аға басшы құрамның погондары:

біркиер киімге тағатын жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген погондар, погондардың үстіңгі жиегі - күміс түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген алтын түсті ерекше өрімделген оқа;

жейдеге тағатын жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген погондар, погондардың үстіңгі жиегі - алтын түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген

ақ түсті тоқыма матадан жасалған оқа;

жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген күнделікті

погондар, погондар жиегі - алтын түстес ұлттық өрнекпен өрнектелген көк түсті тоқыма мата;

жоғарғы жиегі сопақша келген, көмкерілмеген далалық погондар, погондардың үстіңгі беті - камуфляж түсті тоқыма мата, ашық қоңыр түстес қыран.

Аға басшы құрамның погондарында диаметрі 20 мм жұлдызшалар және алтын түсті екі көлденең жолақ орналасады. Көлденең жолақтардың ені - 4 мм. Погондардың жоғарғы бөлігінде диаметрі 14 мм нысанды түйме қадалады.

25. Погондардағы жұлдыздар былай орналасады:

кеден қызметінің майоры - 1 жұлдыз;

кеден қызметінің подполковнигі - 2 жұлдыз;

кеден қызметінің полковнигі - 3 жұлдыз.

26. Орта басшы құрамның погондары:

біркиер киімге тағатын жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген погондар, погондардың үстіңгі беті - күміс түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген алтын түсті ерекше өрімделген оқа;

жейдеге тағатын жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген погондар, погондардың үстіңгі беті - алтын түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген а қ тү с т і т о қ ы м а м а т а ;

жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген күнделікті

погондар, погондардың үстіңгі беті - алтын түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген көкшіл түсті тоқыма мата;

жоғарғы жиегі сопақша келген, көмкерілмеген далалық погондар, погондардың үстіңгі беті - камуфляж түсті тоқыма мата, погондардағы жұлдыздар ашық қоңыр түстес.

Орта басшы құрамның погондарында диаметрі 13 мм жұлдыздар және бір көлденең жолақ орналасады. Көлденең жолақтардың ені - 4 мм. Погондардың жоғарғы бөлігінде диаметрі 14 мм нысанды түйме қадалады.

27. Погондардағы жұлдыздар былай орналасады:

кеден қызметінің кіші лейтенанты - 1 жұлдыз;

кеден қызметінің лейтенанты - 2 жұлдыз;

кеден қызметінің аға лейтенанты - 3 жұлдыз;

кеден қызметінің капитаны - 4 жұлдыз.

28. Кіші басшы құрамның погондары:

біркиер киімге тағатын жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген погондар, погондардың үстіңгі жиегі - алтын түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген алтын түсті ерекше өрімделген оқа;

жейдеге тағатын жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген погондар, погондардың үстіңгі беті алтын түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген ақ түсті тоқыма мата;

жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген күнделікті погондар, погондардың үстіңгі беті - алтын түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген көкшіл түсті тоқыма мата;

жоғарғы жиегі сопақша келген көмкерілмеген дала погондары, погондардың үстіңгі беті - камуфляж түсті тоқыма мата, погондардағы жұлдыздар ашық қоңыр түстес.

Кіші басшы құрамның погондарында диаметрі 13 мм жұлдыздар болады. Погондардың жоғарғы бөлігінде диаметрі 14 мм нысанды түйме қадалады.

29. Погондардағы жұлдыздар былай орналасады:

кеден қызметінің прапорщигі - 2 жұлдыз;  
кеден қызметінің аға прапорщигі - 3 жұлдыз.

30. Курсанттардың погондары:

біркиер киімге тағатын жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген погондар, погондардың үстіңгі беті - күміс түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген алтын түсті тоқыма мата, төменгі бөлігінде "К" әрпі бар;  
жейдеге тағатын жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен

көмкерілген погондар, погондардың үстіңгі беті - алтын түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген ақ түсті тоқыма мата, төменгі бөлігінде "К" әрпі бар;

жоғарғы жиегі сопақша келген, көгілдір түспен көмкерілген күнделікті погондар, погондардың үстіңгі беті - алтын түсті ұлттық өрнекпен өрнектелген көкшіл түсті тоқыма мата, төменгі бөлігінде "К" әрпі бар;

жоғарғы жиегі сопақша келген, көмкерілмеген далалық погондар, погондар камуфляж түсті тоқыма матадан жасалады.

## V тарау

### Айырым белгілері

31. Погондары бар нысанды киім кию құқығы берілмейтін лауазымды адамдардың арнайы атақтары бойынша айырым белгілері жағаға және шевронға тағылатын бұрыштамалар болып табылады.

32. Жағаға тағылатын бұрыштамалар аға басшы құрамға қатысты екенін айқындайды. Шевронға тағатын бұрыштамалардың саны аға және орта басшы құрамдардың арнайы атағына сәйкес келеді.

33. Кіші басшы құрам үшін арнайы атақтар бойынша айырым белгілері шевронға тағатын жолақтар болып табылады.

## VI тарау

Жеңге тағатын белгілер, кокардалар, эмблемалар, бейдж-белгілер,  
бас киімдер мен киімдердегі тігінділер

34. Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды адамдарының жеңге тағатын белгілері басшы құрамға және "Барыс" ерекше әрекет тобына қатыстылығын айқындауға арналған.

35. Жеңге тағатын белгілер өзара жасалған бейнелердің мазмұнымен, мәтіндік жазбалармен және түр-түс үйлесімдерімен өзгешеленетін матаға тігілген шеврондар болып табылады.

36. Сондай-ақ кокардалар, эмблемалар, бейдж-белгілер, бас киімдер мен киімдердегі тігінділер де ерекшелік белгілері болып табылады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.